

**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК
УНИВЕРСИТЕТІ
ЭКОНОМИКА, БАСҚАРУ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ ФАКУЛЬТЕТІ
ӘЛЕУМЕТТІК ҒЫЛЫМДАР ДАЯРЛАУ БАҒЫТЫ БОЙЫНША АКАДЕМИЯЛЫҚ
КОМИТЕТ МӘЖІЛІСІНІҢ
№ 8 ХАТТАМАСЫ**

Түркістан қаласы

30.05. 2024 жыл

Қатысқандар: АК төрағасы – аға оқытушы Әбсаттар С., АК мүшесі, PhD. академиялық персонал – Тажибаев Р., АК мүшесі, PhD. академиялық персонал – Анламасова М., АК мүшесі, саяси ғ.к. академиялық персонал – Нысанбаева А., АК мүшесі, аға оқытушы Сержан О., АК мүшесі, жұмыс беруші өкілі – Аралбеков Н., АК мүшесі, жұмыс беруші өкілі – Женгизхан Жаналтай (онлайн зум арқылы), АК мүшесі, жұмыс беруші өкілі – Халықов М., АК мүшелері, білімгерлер өкілдері – Эргаштаев Ш., Мұстафа Санжар Ышын, Райымқұл А., Рысбайқызы А.

Күн тәртібі:

1. ББ бойынша келешек бағыт бағдар және дамыту жоспарлары талқылау мақсатында бойынша жұмыс беруші өкілдері және білімгерлермен мәжіліс өткізу
2. Мамыр айында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау

Тыңдалды:

АК төрағасы Әбсаттар С.: Бакалавр және магистратура деңгейіндегі ББ-лары бойынша жұмыс беруші өкілдерімен кездесу ұйымдастыру, ББ тізілімдемесіне ұсынылған ББ бойынша эксперттердің ескертулері мен ұсыныстарына жауаптар әзірлеу, Мамыр айында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау туралы айтты

Сөз кезегін АК мүшесі, академиялық персонал, Тажибаев Р. алды:

ББ бойынша келешек бағыт бағдар және дамыту жоспарлары талқылау мақсатында АК жұмысы ұйымдастырылып «Әлеуметтік ғылымдар» даярлау бағыты бойынша АК жұмыс және мәжіліс жоспары бекітілді, ережелермен таныстырылды, айта кетейік «Түркістан облысы Әкімі Аппараты ұйымдастыру-инспекторлық жұмыс және аумақтық даму бөлімінің бас инспекторы Н.Аралбековпен және Еуразия ғылыми-зерттеу институты директоры орынбасары Женгизхан Жаналтаймен кездесіп кадр даярлау нарығындағы талдау жұмыстары жүргізілді. **АК мүшесі, жұмыс беруші өкілі – Аралбеков Н.:**

Қазіргі таңда жас мамандарды мемлекеттік қызметке дайындау, жоғары деңгейді жауапкершілік, жастар арасында қоғамдық дамудың жалпы заңдарын, ішкі және сыртқы факторлардың, олардың компоненттерінің өзара іс-қимылын, жұмыс істеуін, дамуын, негізгі процестерді білу, отбасылық және жастар мәселелермен жұмыс істей білу, алынған ақпаратты синтездей және талдай білу, Ақпараттық технологиялар саласында білімі мен іскерлігі, дербес компьютер мен ақпараттық технологиялар, Деректер базалары мүмкіндіктерін пайдалану, ақпаратты көрнекі түрде- зерттеулердің нәтижелерін ұсыну жұмыстарымен үйрету бұл дағдыларды қалыптастыру керекпіз. **АК мүшесі, академиялық персонал – Тажибаев Р.:**

Пікірлеріңізге толық қосыламын. Ал Университет түлектерінің моделін әзірлеу жұмыстарына келетін болсақ. Өзіміздің түлектер қауымдастығы бар, қазіргі таңда бір қатар жұмыстар жүргізіліп жатыр. Ендігі жерде сайттарға қою мәселесімен айналысу керекпіз.

Жұмыс беруші өкілі, ішкі сарапшы М. Халықов: «6B03187- Психология-Дінтану білім беру бағдарламасы әлеуметтік ғылымдар саласындағы мамандарға қажетті жалпы мәдениеттілік және кәсіптік құзыреттіліктерді қалыптастыру үшін айқындалған оқыту нәтижелеріне бағыттала отырып әзірленген. Білім беру бағдарламасының басты мақсаты білім алып, білім мен дағды машыққа қол жеткізу ғана емес, солардың негізінде дербес, әлеуметтік және кәсіби біліктілікке – ақпаратты өзі іздеп табу, талдау және ұтымды пайдалану, жылдам өзгеріп жатқан бүгінгі дүниеде жұмыс істеу және лайықты өмір сүру болып табылады. Білімгерлердің жалпы мәдениеттілік және кәсіптік құзыреттіліктерді қалыптастыруға қажетті білім беру бағдарламасының оқыту нәтижелеріне жетуі оқу пәндері арқылы қамтамасыз етіледі. Білім беру бағдарламасының оқу пәндерінің қысқаша сипаттамалары олардың қазіргі таңдағы заманауи педагогикалық, инновациялық және креативтік технологияларды меңгеруге және жоспарланған оқыту нәтижелерін толық меңгеруге бағытталғанын көрсетеді. Осы мақсатта 2023 жылы қабылданатын білімгерлердің білім беру бағдарламасына «Дінтанулық профилактика және оңалту әдістемесі», «Ғибадат және діни сенім психологиясы», «Дінтанулық сараптама, талдау және мониторинг негіздері», «Дәстүрлі емес діни қозғалыстар» секілді пәнді енгізу қажет» - деп сөзін аяқтады. Келесі сөзді М. Тастанбеков мырза алды.

АК төрағасы Әбсаттар С.: Құрметті АК мүшелері алда жұмыстар өте тығыз және ауқымды жұмыстарды бірігіп жасасақ барлық жұмыстар шешімін табады деп сенемін.

Шешім:

Мәжіліс төрағасы:



Әбсаттар С.

Хатшысы:



Нысанбаева А.